

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамытудың тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 633 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы " Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 11-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамытудың тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі 2006 жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен келісілген көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамыту бағдарламасын енгізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 30 маусымдағы
N 633 қаулысымен

мақұлданған

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамыту тұжырымдамасы Кіріспе

Қытай Халық Республикасымен кең ауқымды және өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстарын дамытудың жалпы стратегиясының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні Қытай Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады.

Алайда, екі ел арасындағы сыртқы сауда айналымының оң өсу серпініне қарамастан, өзара сауда көлемі екі елдің нақты мүмкіндіктерін көрсетпейді және тұтастай алғанда,

сауда саласындағы екі жақты қатынастар деңгейі мемлекеттердің қолдағы әлеуетіне сәйкес келмейді.

Қазақстанның шекара маңы аудандарын дамытудың әлеуеті инвестициялық ахуалдың ерекшеліктерімен, игерілетін нарықтың өндірістік факторларының құнымен және мемлекеттік шекараны кесіп өтумен байланысты транзакциялық шығындармен, көлік жағдайлары, шекаралық өтпелердің және кедендік бекеттердің инфрақұрылымымен айқындалады.

Бұл аспектілер өңірлердің де, сол сияқты тұтастай алғанда елдің де әлеуметтік-экономикалық дамуының құрамдас бөлігі ретінде, шекара маңы аумақтарының экономикасын көтеру мақсатында Қазақстан Республикасында шекара маңы ынтымақтастығына қарым-қатынасты өзгертудің қажеттілігін айқындайды.

Қазіргі уақытта республиканың әлеуеті халықаралық жүк ағындары жүйесінде толық көлемде әрекет етпейді, негізгі халықаралық көлік дәліздерінің мамандануы соңына дейін қалыптастырылмаған, елдің аумағы бойынша көлік жүк ағындарын толыққанды қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған халықаралық стандарттарға сәйкес көлік жолдарының сервистік қызметтері мен сапасының деңгейін арттыру талап етіледі.

Көлік дәліздерінің қызметі халықаралық бизнес, трансұлттық компаниялар, отандық және шетелдік инвесторлар өкілдерінің неғұрлым көп санын, ең алдымен, бизнесті жүргізудің өзінің либералдық жағдайларымен, әсіресе, елдің орта және шағын кәсіпкерлігін ойдағыдай дамыту үшін қажетті нарықтық шығындарды барынша азайтумен тартады.

Осыған байланысты "Қорғас" халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығын одан әрі дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) "Қорғас" халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін қоюды әрі шешуді халықаралық трансконтинентальдық дәліздің бастапқы базалық элементі ретінде болжайды.

Шекара маңы саудасын дамытудағы әлемдік тәжірибе

Әлемдік тәжірибені талдау әлем елдерінің көпшілігінде шекара маңы саудасы бастапқы негізінен ірі көлік тораптарының - теңіз порттарының, әуежайлардың, темір жол тораптарының, ал кейіннен олардың маңындағы аудандардың аумақтарында арнайы экономикалық аймақтар құру жолымен дамыған және олар "еркін порт" ұғымымен берілген. Еркін порт ұғымы бірінші кезекте ішкі нарықты дамыту үшін, содан кейін сыртқы нарыққа шығуға жәрдемдесу үшін сатып алушыларды іздестіру кезеңінде тауарларды бажсыз қоймалау аумағын білдіреді.

Мұндай аймақтар әкелінген тауарлар әдетте импорт құқығына және тиісті салыққа қатысы бойынша кедендік аумақтан тыс орналасқан және жай кедендік бақылауға

ұшырамайтын тауарлар ретінде қаралатын біртұтас мемлекеттік аумағының бір бөлігі
б о л д ы .

Кейіннен шекара маңы саудасы аймақтарының аумақтарында тауарларды қайта өңдеу үлкен мәнге ие бола бастады. Мұндай аймақтар Ирландияда ("Шеннон" еркін экономикалық аймағы), Ұлыбританияда, Филлипиндерде, Сингапурда, Тайваньда қ ұ р ы л ғ а н .

Қытай Халық Республикасының шекара маңы сауда ұйымының тәжірибесі айтарлықтай үлгі болып табылады.

Қытайдағы шекара маңы саудасының арнайы режимі салықтық және кедендік жеңілдіктерді пайдаланумен сипатталады.

Қытайда шекара маңы саудасын дамытудың екі негізгі бағыты бөліп алынады. Біріншісі, мемлекеттік шекара сызығынан 20 км шектен шекара маңы аудандарының арасындағы белгіленген мемлекеттік пунктерде немесе нарықта және белгіленген сомалар немесе тауар саны шегінде өзара сауданы дамыту. Екіншісі, құрлықтағы шекарада орналасқан және сыртқы ортамен сауда үшін ашық бекітілген шекара маңы уездері мен қала аудандарындағы аз ауқымды шекара маңы саудасын дамыту. Бұл қызметпен шекара маңы саудасын мемлекет белгілеген бақылау-өткізу бекеттері аудандарында жүргізу құқығы бар кәсіпорындар айналысады.

Қытай Халық Республикасы Үкіметінің негізгі міндеттерінің бірі таза шекара маңы саудасынан ірі сауда арналарын ұйымдастыруға көшу болып табылады.

Осыған байланысты, Қытай Халық Республикасының Үкіметі экономикалық даму аймақтарының бір-біріне жанасқан жүйесі есебінен шетел компанияларының қаржылық және технологиялық ресурстарын іске қосып, сондай-ақ табиғи ресурстар мен басқа елдердің ғылыми әзірлемелерін пайдалана отырып, қытай тауарларының экспорты құрылымын әртараптандыру бойынша жағдай жасау арқылы қазір бар ө н д і р і с т і ж а ң ғ ы р т а д ы .

Қайта өңдеу аймақтарын дамыту және бұл аймақтарға капитал тарту кезінде тікелей қаржылық қолдаумен қатар, Қытай Үкіметі банктік кредиттерді ынталандыру үшін әкімшіліктік шараларды қолданады.

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығы қызметінің ағымдағы жай-күйін талдау

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығы Алматы облысы Панфилов ауданының шекара маңы аумағындағы қазіргі заманғы халықаралық көлік-сауда торабы болады, ол мынадай объектілерден тұрады:

1) Қорғас құрлық порты, оған мыналар кіреді:

сауда-жәрмеңке аумағы (көтерме-бөлшек сауда орталығы және көрсету залы, телекоммуникациялық қызметтер, ақпараттық-логистикалық орталық, қоғамдық

тамақтандыру пункттері, санитарлық-карантиндік пункт, жүктерді сақтауға және өңдеуге арналған мамандандырылған автоматтандырылған қойма, сертификаттау орталықтары, көліктік-экспедициялық және брокерлік фирмалар, сақтандыру компаниялары, туристік фирмалар және т.б.);

уақытша сақтау қоймаларының қызметтерін қамтитын және көрсетілетін қызметтердің кең ауқымы бар және қазіргі заманғы технологиялық жабдығы бар инженерлік-техникалық құрылыс кешенін білдіретін көліктік-логистикалық терминал "Қорғас" жүк-тауар қозғалысы портының логистикалық жүйесінде орталық орынды иеленеді;

азаматтар мен тауарлардың қазақстан-қытай сауда аумағы ішінде еркін қозғалуына арналған Қорғас қала-портының (Қытай Халық Республикасы) осындай жақын орналасқан аумағы бар қатынас дәлізі;

мемлекеттік-бақылау қызметіне арналған үй-жай;

2) әкімшіліктік-іскерлік, мәдени және қонақ үй-тұрмыстық орталық, оған мыналар кіреді:

бизнес-орталық;

банктер мен сақтандыру компанияларының офистері;

әкімшілік үй-жайлар мен офистер;

сауда және туристік өкілдіктер;

этнографиялық бақты және қонақ-үй блогін қоса алғанда, мәдени блок.

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы екі жақты келісім негізінде, Қазақстандық тарап та, Қытай тарабы да жүзеге асырады.

Қазақстан тарабынан басқаруды қызметінің негізгі нысаны "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қазақстандық бөлігінің инфрақұрылымын құру, дамыту және жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жоғарыда көрсетілген Келісімде айтылған қызмет түрлерін аумақтың қазақстандық бөлігінің аумағында жүзеге асыруға әлеуетті инвесторларды тарту болып табылатын акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлға жүзеге асырады.

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының құрылыс аймағын таңдау мына факторлармен негізделеді:

өзінің географиялық орналасуы бойынша бұл аудан қызметтер жүйесін дамытуда айтарлықтай әлеуетке ие, олар: халықаралық транзиттік сауда, транзиттік жүктерге қызмет көрсету, көліктік және телекоммуникациялық сервис;

Қорғас мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункті тарихи қалыптасқан көне Ұлы Жібек жолының өту жолында орналасқан, бұл Қытайдың және Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа да мемлекеттерінің Еуропаға және Таяу Шығыс елдеріне Қазақстан

арқылы шығуын қамтамасыз етеді және халықаралық сауданы одан әрі дамытуға ықпал е т е д і ;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы батыс Қытайдағы дамыған инфрақұрылым тораптарына, оның ішінде Үрімші - Ланьчжоу - Ляньюньгань негізгі темір жол магистралына жақын орналасқан;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы орналасқан ауданда еркін экономикалық аймақ режимін құру және дамыту үшін алғышарттар бар, өйткені Қорғас (Қытай) шекаралас қала порты серпінді дамушы еркін сауда және өндіріс аймағы болып табылады, бүгінде бұл Қытай Халық Республикасы Үкіметінің батыс аумақтарды дамыту жөніндегі аса ірі жобаларының бірі болып табылады.

2005 жылдың басынан бері "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы аумағының қазақстандық бөлігінің учаскесін дайындау және салу жөніндегі м ы н а д а й ж ұ м ы с жү р г і з і л д і :

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының, Қорғас қала-портының Қытай басқармасы басшыларының, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жобалау ұйымдарының өкілдерінен бірлескен жұмыс т о б ы қ ұ р ы л д ы ;

алаңы 120 га жер учаскесі бөлінді;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының бірінші кезектегі учаскесін қоршау жөніндегі жұмыс басталды; топографиялық түсіру жүргізілді;

топырақ суының деңгейін, топырақтың көтеру қабілетін айқындау мақсатында инженерлік-геологиялық іздестіру жүргізілді;

учаскені ауыз сумен қамтамасыз ету үшін гидрологиялық іздестіру жүргізілді; игеруге қатысатын барлық мүдделі қызметтердің техникалық шарттары ж и н а қ т а л д ы ;

сумен қамтамасыз ету үшін ұңғымаларды бұрғылау жүргізілуде; трансформаторлы кіші станциялары бар Алмалы - "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы электр желісін салу басталды.

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Осы Тұжырымдаманың мақсаттары:
шекара маңы сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту;
экспортқа бағдарланған салаларды дамыту;
аумағында "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы орналасқан Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу болып т а б ы л а д ы ;

Тұжырымдама мынадай негізгі міндеттерді шешуді көздейді:

көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, қолда бар көліктік және транзиттік дәліздер арқылы жүк ағынын ұлғайту;
қазақстандық экспортты одан әрі ілгерілету мақсатында әлемдік брендтер мен трансұлттық корпорацияларды тарту үшін жағдай жасау;
Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін дамыту, жаңа технологияларды орналастыру, инновациялық жобаларды енгізу;
банктік қызмет көрсетуді және сақтандыруды дамыту;
халықаралық стандарттарды енгізу;
шекара маңы саудасын және шекара маңы ынтымақтастығын реттейтін нормативтік құқықтық базаны әзірлеу және жетілдіру;
ақпараттық желілерді дамыту;
халықаралық туризмді дамыту;
жаңа жұмыс орындарын құру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау;
басқа да халықаралық логистикалық орталықтармен өзара іс-қимыл жасау.

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамыту жөніндегі негізгі кезеңдер мен бағыттар

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құру және дамыту мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) дайындық - 2005 - 2006 жылдар;
- 2) инвестициялық - 2006 - 2008 жылдар:
инфрақұрылым аумағын игеру - 2006 - 2007 жылдар;
инфрақұрылымды перспективалық дамыту - 2007 - 2008 жылдар;
- 3) негізгі - 2009 жыл.

Дайындық кезеңінде:

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының жұмыс істеуі мәселелерін келісу үшін нормативті құқықтық база жасау;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын салу үшін аумақты дайындауды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Инвестициялық кезеңде жобалық және бағдарламалық шешімдерге сәйкес инвестициялық және ұйымдастыру сипатындағы негізгі іс-шараларды жүзеге асыру:

жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

инфрақұрылымдардың құрылысын бастау (инженерлік, коммуникациялық және өндірістік) жоспарланады.

2009 жылдан бастап "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын салуды аяқтау және толық ауқымды жұмыс істеуін бастау жоспарлануда.

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын дамытудың

н е г і з г і

б а ғ ы т т а р ы :

көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде Еуропа - ТМД - Ресей - Қазақстан - Қытай - Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бағытында жүк ағынын қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында "Тасқала-Озинки" көліктік-логистикалық орталығымен қызметті үйлестіру;

елдің индустриялық және технопарктік аймақтарымен, оның ішінде кластерлік бастамаларды дамыту бөлігінде өзара іс-қимыл жасау;

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының шекара, кеден, санитарлық-карантиндік, ветеринарлық, фитосанитарлық және басқа да бақылау органдарының қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау тетігін айқындау;

кедендік және шекаралық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде Қорғас қазақстандық автомобиль өткізу пунктінің өткізу қабілетін ұлғайту;

импорттық-экспорттық және транзиттік жүк ағындарына қызмет көрсетуде және кеңейтуде кешенді тәсілді енгізу;

өтудің ашықтығын және жүк ағындарын өңдеуді әрі Қытай Халық Республикасынан импорттық операциялардың тиімділігін қамтамасыз ету;

сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың есепке алынбаған тауар айналымының нақты көлемін айқындауға мүмкіндік беретін деректерді қазақстандық тараптың пайдалануы мақсатында екі елдің сыртқы саудасының "айна" статистикасы негізінде кедендік әкімшілендіруді жетілдіру;

ақпарат алмасудың біртұтас пішімін әзірлеу, жүктерді тіркеу және кедендік ресімдеу рәсімдерін қытай тарабымен келісу;

өзара тиімді трансшекаралық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік және жеке бастамаларды тарту болып табылады.

Б ұ д а н б а с қ а :

қаржы нарығын дамыту, оның ішінде бірлескен банктік операцияларды және сыртқы сауда қызметі жүйесіндегі сақтандыруды дамыту;

арнайы жеңілдікті кедендік, салықтық және инвестициялық режимдерді қолдану мүмкіндігін қ а р а у ;

халықаралық стандарттар мен нормаларды ескере отырып, стандарттау, сертификаттау және инспекциялық бақылау саласындағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы екі жақты сауда-экономикалық қарым-қатынастарды, өнім сапасы саласындағы нормативтік-құқықтық базаны үйлестіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу, саудадағы техникалық кедергілерді еңсеру;

шекара маңы саудасымен (экономикалық, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қауіпсіздік) байланысты ықтимал қауіптерден тараптардың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қ а б ы л д а у :

1) халықаралық терроризм, діни экстремизм және есірткі трафигі проблемаларын

шешу жөніндегі бірлескен ұстанымдарды әзірлеу;

2) табиғат қорғау шаралары мен жобаларын әзірлеу;

3) эпидемиологиялық, ветеринарлық, фитосанитарлық және карантиндік қадағалау жөніндегі медициналық-сауықтыру мәселелерін шешу;

4) көші-қон бақылауы және жұмыс күшінің қозғалысын реттеу, оның ішінде, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасында Еңбектің халықаралық бөлінісі жөнінде келісім жасау; ақпарат (ғылыми-техникалық, коммерциялық, заңдық) алмасу, импорт, экспорт және транзиттік жүк ағындары мониторингін жүргізу; шекара маңы саудасы мәселелері бойынша кәсіпкерлер үшін консалтингтік қызметтер көрсету; сауда және инвестициялар саласында жәрмеңкелер, көрмелер, форумдар сияқты бірлескен іс-шараларды тұрақты негізде өткізу; көлік, байланыс, туристік сервис инфрақұрылымын қоса алғанда, Ұлы Жібек жолындағы халықаралық туризмді дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу жоспарлануда.

Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы қабылдау трансконтинентальдық дәліз негіздері ретінде "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қазақстандық бөлігін одан әрі дамыту үшін қажетті жағдай жасауға ықпал ететін болады.

Сондай-ақ мынадай нәтижелерге қол жеткізу болжануда:

Қазақстанның шекара маңы аумақтарының индустриялық-инновациялық инфрақұрылымын дамыту;

Алматы, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе және Орал қалаларының геоэкономикалық ресурстарының негізінде көліктік дәліз бойында арнайы технопарктік аймақтарды дамыту;

трансконтинентальдық азия дәлізінің қазақстандық учаскесін белсенді жұмыс істейтін халықаралық көлік дәліздерінің арасына жылжыту мақсатында әлемдік брендтер мен трансұлттық корпорацияларды тарту үшін қолайлы жағдай жасау;

Қазақстан өнеркәсібінің құрылымын субконтрактация, дамыған және индустриялық дамушы елдердің өндірушілерімен өнеркәсіптік аутсорсинг жүйесін ұйымдастыру арқылы қазіргі заманғы ғылымды қажетсінетін технологияларды тарту жолымен жаңғырту;

қазақстандық өнеркәсіптік тауарлардың экспортын ұлғайту;

Қазақстан Республикасының басқа елдермен, атап айтқанда Қытай Халық Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Азия және Еуропа елдерімен халықаралық байланысын мемлекеттік органдар мен бизнес

қоғамдастықтардың деңгейінде одан әрі дамыту және нығайту;
туристік саланы дамытуға жәрдемдесу, келу туризмінің көлемін арттыру;
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүк ағынының көлемін өсіру есебінен
бюджеттік түсімдерді ұлғайту;
Қазақстан Республикасының халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кіруі, сыртқы
экономикалық қызметті дамыту;
жаңа жұмыс орындарын құру, елдің отандық тауар өндіру процесінде еңбек ететін
халқының кәсіби деңгейін жоғарылату.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК